

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

## Стоматология факультеті

## Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

## №3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

25.11.2022ж.

**Комиссия төрағасы:** Бисеитова Асель – магистр, аға оқытушы;**Комиссия мүшелері:**

1. Қожамбекова Эльмира – магистр, аға оқытушы;
2. Ходжаев Нұрлан – м.ғ.к., доцент м.а.;
3. Арыстанова Сымбат – магистр-оқытушы;
4. Ахтаманов Джахангир – аға оқытушы;
5. Ускенбаева Айгерим – оқытушы;
6. Айболова Гульнар – техн.ғ.к., доцент м.а.;
7. Мамырбекова Айжан – х.ғ.к., доцент;
8. Шулен Аслан – стк 505-тобының студенті;
10. Шалтаева Меруерт – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі әдіскері.

**Комиссия хатшысы:** Сыздықова Әсем – магистр-оқытушы**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ пәндерінің оқу әдебиеттері мен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау;
2. ББ іске асыруда оқудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау;
3. Білімгерлерге интерактивті әдістерді қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау;
4. Қараша айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1.Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Бисеитова Асель сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен кафедралар толық 100% қамтылғандығы баяндалды.

Кафедралар оқытушылары өздерінің шығарған оқулықтарын (кафедраларда оқулығы тапшы пәндерден жылда қажетті оқу құралдары шығарылып тұрады), оқу құралдарын және электронды нұсқадағы кітаптарды баспадан шығарып, университет кітапханасына өткізді. Осы оқулықтармен оқу құралдарының негізінде 2,8- қосымшалары толтырылып кітапханаға өткізілді. Сонымен қатар, оқулықтар қорын жаңарту мақсатында пәндерді оқытуға арналған оқулықтарды сатып алу үшін университет кітапханасына ұсыныс берілуде.

**Шешім:** Факультетте іске асырылатын ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес, ҚР БҒМ

Реестерінде тіркелген және мерзімді жаңартылған, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, ОЖЖ оқу бағдарламалары бекітілген.

**2.Тыңдалды:** ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау.

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Бисеитова Асель сөз алып күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқытушыларының сабақ беру барысында жаңа технологиялар мен әдістемелерді кеңінен қолданылуына байланысты, студенттердің үлгерімі артатынын, 2022-2023 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалуы керектігін айтты.

**Шешім:** Факультет деңгейінде әдістемелік семинарлар ұйымдастырылысын. Семинар мақсаты қазіргі таңда оқытудың инновациялық әдістер мен технологияларын қашықтан оқыту жүйесіне енгізу болсын.

**3.Тыңдалды:** Білімгерлерге интерактивті әдістерді қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау бойынша мәселені **Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы** Бисеитова Асель сөз алып қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақты сапалы әрі қызықты өтуге ұмтылуда. Факультеттің ПОҚ сабақ өту барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданылуы жайында айтып берді.

**Шешім:** Факультеттің ПОҚ ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясына аса үлкен мән берілсін.

**Мәжіліс төрайымы:**

 А.Бисеитова

**Мәжіліс хатшысы:**

 Ә.Сыздыкова